

**2009 жылы Шу ауданының аумағында тұратын азаматтарды шақыру учаскесінде тіркеуді жүргізуді ұйымдастыру туралы**

*Күшін жойған*

Жамбыл облысы Шу ауданы әкімінің 2008 жылғы 15 желтоқсандағы N 10 шешімі. Жамбыл облысы Шу ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 26 қаңтарда 69 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Шу ауданы әкімінің 2015 жылғы 10 қыркүйекте №4 шешімімен

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

**Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Шу ауданы әкімінің 10.09.2015 № 4 ш е ш і м і м е н .**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33 бабының 1 тармағының 13) тармақшасы негізінде, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 17 бабының 3 тармағына және "Қазақстан Республикасында әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілердің есебін жүргізу туралы ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 қаулысына сәйкес **ШЕШЕМІН:**

1. "Жамбыл облысы Шу ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы К. Ердосовке (келісім бойынша) шақыру учаскесінде 2009 жылдың қаңтар-наурыз айларында Шу ауданының аумағында тұратын 1992 жылы туылған еркек жынысты азаматтарды әскери есепке қою үшін тіркеу жүргізу ұсынылсын.

2. Шу қаласы мен ауылдық, селолық округтер әкімдері "Жамбыл облысы Шу ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне тіркеуге жататын азаматтарды тіркеуге шақырылғаны туралы хабардар етіп, шақыру учаскесіне дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

3. "Шу ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Жамбыл облысы Шу ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесімен келісілген кесте бойынша ауданның білім беру мекемелерінде оқитын 1992 жылы туылған еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесіне уақтылы және ұйымшылдықпен жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Жамбыл облысы әкімшіяты денсаулық сақтау басқармасының "Шу аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық

кәсіпорнының бас дәрігері А. Мұқатаев (келісім бойынша), Жамбыл облысы әкімияты денсаулық сақтау басқармасының "Шу қаласының аймақтық емханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері М. Баширов (келісім бойынша), Жамбыл облысы әкімияты денсаулық сақтау басқармасының "Шу қалалық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері С. Ақпаев (келісім бойынша), Жамбыл облысы әкімияты денсаулық сақтау басқармасының "Шу ауданының орталық емханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері А. Жақыпбеков (келісім бойынша) шақыру учаскесіне тіркелу кезінде әскери қызметке жарамдылық деңгейін анықтау үшін "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы № 226 Қаулысында айқындалған тәртіппен азаматтарды медициналық комиссиядан өткізу ұсынылсын.

5. "Жамбыл облысы Ішкі істер департаментінің Шу аудандық Ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы Ш. Жапабаевқа (келісім бойынша) әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіру және ұстау өз құзыреті шегінде жүзеге асыру ұсынылсын.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Н. Наметқұлова жүктелсін.

7. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан

Әкімі Б.

Қарашолақов

" К Е Л І С І Л Д І "

"Жамбыл облыстық Ішкі істер департаментінің Шу аудандық Ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің

б а с т ы ғ ы

Ш . Ж а п а б а е в

12 желтоқсан 2008 жыл

"Жамбыл облысы Шу ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

К . Е р д о с о в

12 желтоқсан 2008 жыл

"Жамбыл облысы әкімияты денсаулық сақтау департаментінің Шу қалалық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері

С . А қ п а е в

12 желтоқсан 2008 жыл

"Жамбыл облысы әкімияты денсаулық сақтау департаментінің Шу қаласының аймақтық емханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының

б а с д ә р і г е р і

М . Б а ш и р о в

12 желтоқсан 2008 жыл

"Жамбыл облысы әкімияты денсаулық сақтау департаментінің Шу ауданының орталық емханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының

б а с д ә р і г е р і

А . Ж а қ ы п б е к о в

12 желтоқсан 2008 жыл

"Жамбыл облысы әкімияты денсаулық сақтау департаментінің Шу аудандық орталық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның

б а с д ә р і г е р і

А . М ұ қ а т а е в

12 желтоқсан 2008 жыл